

## МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕСТІҢ ӘРІПТЕСТІГІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТЫ БАҒДАРЛАРЫ

Ақыбаева Г.С., к.э.н., доцент; Касымова Ж.А., магистрант  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Қазіргі уақытта экономикада мемлекет қоғамның алдында халық игіліктерін үздіксіз қамтамасыздандыру (public goods) жауапкершілігін мойнына алады, осы жағдай кейбір салалар мен кәсіпорындардың мемлекет меншігінде қалғандығына негіз болып табылады. Сонымен бірге жеке кәсіпкерлікке мобильділік, ресурстарды пайдаланудың жоғары тиімділігі, инновацияларға бейімділігі тән екендігі белгілі. Осы аталған екі жақтың артықшылықтарын терең әлеуметтік өзгерістерсіз пайдалануды мемлекеттік-кәсіпкерлік әріптестік жағдайында жүзеге асыруға болады.

Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік әрбір әріптестің әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді және әрбір жақтың үздік мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасайды.

*Кілт сөздер:* жеке бизнес, мемлекет, әріптестік, қаржыландыру, келісім-шарт, мәміле, басқару.

Заманауи жағдайларда біздің еліміздің әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялану жағдайында мемлекет пен жеке бизнес қарым-қатынасы олардың инвестициялық саладағы ресурстарын біріктіру жолымен негізделеді. Мемлекеттік-жеке әріптестік мемлекет пен жеке компаниялардың арасындағы институционалдық альянс болып табылады.

Қазіргі уақытта экономикада мемлекет қоғамның алдында халық игіліктерін үздіксіз қамтамасыздандыру (public goods) жауапкершілігін мойнына алады, осы жағдай кейбір салалар мен кәсіпорындардың мемлекет меншігінде қалғандығына негіз болып табылады. Сонымен бірге жеке кәсіпкерлікке мобильділік, ресурстарды пайдаланудың жоғары тиімділігі, инновацияларға бейімділігі тән екендігі белгілі. Осы аталған екі жақтың артықшылықтарын терең әлеуметтік өзгерістерсіз пайдалануды мемлекеттік-кәсіпкерлік әріптестік жағдайында жүзеге асыруға болады [1].

Бизнес пен мемлекеттің арасындағы әріптестік жағдайында мемлекеттік меншіктің маңызды ұлттық объектілерін сақтай отырып, жеке сектор да белгілі бір құқықтарға ие болады. Осылай дәстүрлі мемлекеттік сфераға жеке тауарлар мен қызметтер еніп, аталған объектілерді тиімді басқаруға, ресурстарды оңтайлы пайдалануға жағдай жасайды.

Осы аталғандар нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің мүмкіндіктерін тиімді қолдану механизмі туындатады – мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік (МЖК) немесе Public-Private Partnership (PPP).

Халықаралық құжаттарда инвестициялық саладағы МЖК-тің мәніне былай анықтама беріледі: "мемлекеттік билік пен бизнестің арасындағы негізгі мақсаты инфрақұрылым объектісін басқару, қаржыландыру, жабдықтау, қайта жарактандыру болып табылатын әріптестік формасы" немесе "дәстүрлі түрде мемлекетпен көрсетілетін қызмет көрсету немесе жобаны жүзеге асыру мақсатындағы мемлекет пен жеке сектордың арасындағы әріптестік".

Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік – бұл мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттестік түрі болып табылады, бұған «занды тұлғалар мен мемлекеттік органдардың арасында объектілерді, өндірістерді қаржыландыру, жоспарлау, пайдалану және мемлекеттік сектор қызметін көрсету жөніндегі түрлі ұзақ мерзімді келісім-шарттар енеді». Мемлекет «басқарудың барлық деңгейлерін енгізетін және билік өкілеттіліктерін жүзеге асырушы қоғамдық билік субъектісі» ретінде қарастырылады.

Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік ұғымына түрлі елдерде түрлі талдау жасалған [3].

Мысалы, АҚШ-та бұл – келісім-шарт арқылы бекітілген мемлекет пен жеке компания арасындағы келісім болып табылады, ол соңғысына келісілген шарт бойынша мемлекеттік меншікке қатынасуға және билік көздерінің жауапкершілігіндегі функцияларды атқаруға мүмкіндік береді. Меншіктің негізгі құқықтары өзгермейді, және мемлекет жеке компанияға объектіні берседе өзі меншік иесі болып қалады.

Европа елдерінде мемлекеттік-жеке кәсіпкерлікті негізгі мақсаты инфрақұрылымды қаржыландыру, модернизациялау, басқару, пайдалануды қамтамасыздандыру және қызмет көрсету болып табылатын, қоғамдық биліктер мен бизнестің арасындағы кооперация формасы деп түсінеді.

Ұлыбританияда бұл – үкіметтің елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және заманауи жоғары сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыздандырумен байланысты стратегиясының маңызды элементі болып табылады. Және бұған бизнес-құрылымдардың кең диапазоны енеді: жеке инициативадан бастап мемлекеттік кәсіпорындардың меншігіндегі акциялардың белгілі бір бөлігін коммерциялық қызметпен айналысатындарға сату.

Экономикалық ілімдегі мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік ұғымын нақтылау үшін оның негізгі белгілері берілген:

- Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлікке қатысушы жақтар мемлекет пен жеке бизнес болып табылады;
- екі жақтың қарым-қатынасы тең құқылы, әріптестік сипатында;
- екі жақтың мақсаттары ортақ, нақты белгіленген мемлекеттік мүдде және қоғамдық бағыттылық;
- екі жақ ортақ мақсатқа жету үшін өз активтерін (ресурстары мен салымдарын) біріктіреді;
- Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлікке қатынасшылар өзара келісілген шарт бойынша шығындарын, тәуекелін, нәтижелерін бөліседі;
- жақтардың өзара қатынасы ресми құжаттарда рәсімделеді (келісім-шарттар, мәмілелер және басқалар).

Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік деген атауы айтып тұрғандай бұл мәмілеге қатысушылардың бірінші жағы мемлекет болса, екінші жағы жеке сектор өкілдері – инвесторлар, инвестициялық қорлар, несие ұйымдары, сонымен қатар коммерциялық емес үкіметтік емес ұйымдар. Кейбір сегменттерде, мысалы ғылыми ізденістермен байланысты салаларда (қаржы немесе материал көзі ретінде) бизнес өкілдері емес, кенесшілер, зерттеушілер, ғылыми қызметкерлер және басқа интеллектуалдықтан басқа ресурстары жоқ тұлғалар қатынаса алады.

Мемлекеттік-жеке әріптестікпен айналысатын ұйымдарға қойылатын талаптар паритеттік негізде барлық жүзеге асырылатын жобаларға қатысты болып табылады. Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік әрбір әріптестің әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді және әрбір жақтың үздік мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасайды. Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік шарттары іскерлік әріптестік жағдайларынан ерекшеленеді, бұл жағдайда мемлекет бизнестің қолында жоқ өзінің ерекше құқықтарын пайдалана алады.

Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік жағдайында мемлекеттің жағында – меншік иесінің құқығы, салық және басқа жеңілдіктер мүмкіндігі, кепілдіктер, сонымен бірге қандай да бір қаржы ресурстарын иелену мүмкіндігі сақталады. Мемлекет - негізі субъект, басты реттеуші ретінде қажет кезінде таза өндірістік бағдарламаларды әлеуметтік мақсаттарға (білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет) қайта бөле алады, ал бұл көп жағдайда тек әлеуметтік-экономикалық климатты жақсартып қана қоймай, елдің инвестициялық рейтингін арттырады, және бұл әріптестік жобаларына да әсер етеді.

Сонымен қатар, мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік арқылы мемлекет өзінің – бақылау, реттеу, қоғамдық мүдделерді сақтау сияқты функцияларын орындауда мейлінше жағымды мүмкіндік алады. Мысалы, мемлекеттік-жеке кәсіпкерлікті инфрақұрылым саласын дамыту барысында өз қызметін құрылыс саласының мәселелеріне емес, әкімшілік-бақылау функцияларына бағыттай алады. Мемлекеттік-жеке кәсіпкерліктің қоғамдық маңызы қоғамның ғаламдық тұтынушы ретінде жоғары сапалы қызметтерге қол жеткізуі болып табылады.

Бизнес тарапынан жобаға салынатын салымдар: қаржылық ресурстар, кәсіби тәжірибе, тиімді басқару, шешім қабылдаудағы икемділік пен оперативтілік, жаңалыққа бейімділік және т.б. Кәсіпкерлік сектордың біріккен жобаларға қатынасуы әдетте мейлінше тиімді жұмыс әдістерін енгізумен, техника мен технологияны жетілдірумен, өндірісті ұйымдастырудың жаңа әдістерін дамытумен, жаңа кәсіпорындар ашумен, сонымен бірге шет ел капиталын тарту арқылы жаңа кәсіпорындар ашумен, жабдықтаушылармен, мердігерлермен тиімді кооперациялық байланыстар орнатумен байланысты болып табылады. Еңбек нарығында жоғары квалификациялы, еңбекақысы жоғары мамандықтарға сұраныс көбейеді [2].

Әріптестіктің екі жаққа да өзара пайдалы екендігіне қарамастан, әріптестікті тең құқылы деп шартты түрде айтуға болады, себебі екі жақтың біреуінде бар мүмкіндік екінші жақта жоқ деп айтуға болады. Бірақ соған қарамастан мемлекетте, бизнесте әріптестік жағдайында өз мүддесін көздейді, бір-бірінің мүмкіндіктерін «қажет жерде, қажет уақытта» мейлінше тиімді пайдалануға күш салады. Сол себептен де олар мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік құрады.

Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік құру қажеттілігі, мемлекеттің прерогативасы болып табылатын белгілі бір міндеттерді орындау кезінде туындайды. Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік құру кезінде негізгі инициатор мемлекет болып табылады, ол жеке инвесторларды қоғамдық маңызды жобаларды жүзеге асыруға қатынасуға шақырады. Бірақ құрылыс, қаржыландыру, қоғамдық инфрақұрылым объектілерімен жұмыс істегенде немесе қоғамдық қызмет көрсетуде бизнессаласы өз инициативасын қолдануына болады. Бұндай жағдайларда МЖК-те қойылатын бір-ақ шарт болады – ұсыныстар мемлекет белгілеген талаптарға сай болуы керек.

Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік арқылы инвестиция салып дамыту көзделген басымдықты сала елдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына және мемлекет жүзеге асырып отырған стратегиясына байланысты. Бүгінде әлемдік тәжірибеден байқап отырғанымыздай, мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік транспорт саласында инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру кезінде кеінен пайдаланылады. Еңбек өнімділігі, жан басына шаққандағы ЖЖӨ тұтыну деңгейі, әлеуметтік қорғау деңгейі, медициналық қызмет көрсету және білім беру деңгейі, орташа өмір сүру ұзақтығы жоғарылаған сайын мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік білім беру, медицина салаларында кеінен енгізіледі.

Мемлекеттік-жеке кәсіпкерліктің инвестициялық сферадағы негізгі мақсаты қаржылық ресурстары жетіспейтін қоғамдық маңызы бар салаларда мемлекеттік міндеттерді орындау тиімділігін арттыру болып табылады. Осы бағытта жұмыс істеген жеке бизнестің мақсаты пайда табу. Мемлекет болса қоғамдық міндеттерін орындайды, егер бәрі жақсы болса, ол да пайда табады, бірақ бұл мемлекет үшін маңызды емес. Мемлекет бұдан басқа д бірқатар әлеуметтік сұрақтарды шеше алады, мысалы кәсіпорындардағы вакантты жұмыс орындарына адамдар қабылдау.

Тиімді әріптестік жағдайында, екі жақ экономикалық мәселелерді шешумен ғана айналыспай (дәлірек айтсақ, экономикалық өсу), әлеуметтік мәселелерді де шешуі, яғни халықтың әл-ауқатын көтеруі, жалпы ел халқының өмір жағдайын жақсартуы тиіс. Әріптестік өзара әрекеттестік түрі болғандықтан ортақ мақсатқа, ортақ мүддеге негіделеді. Бизнес өз жағдайын жөндеуге ұмтылатындығы сөзсіз. Бірақ бизнес-ұйымдардың табысы оның қызметі қоғамға пайда әкелгенде ғана өсетіндігі туралы ереже жасалуы қажет. Мұндай ережелер мемлекет пен бизнестің стратегиясы мен тактикасын жасауға белгілі бір шектеулер енгізеді [3].

Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік өз салымдарын біріктіріп қана қоймай шығындары мен тәуекелін алдын-ала белгіленген келісім-шарт бойынша бөліседі, алынған нәтижелерге де солай қатыса алады. Міндетті түрде екі жақтың мүддесінің балансы сақталуы тиіс. Салымдар мөлшері мен түрі, оларды біріктіру шарттары, шығындарға араласу деңгейі, тәуекелді бөлісу шарттары келісім-шартта рәсімделуі тиіс.

Мемлекет пен бизнестің арасындағы институционалдық және ұйымдастырушылық альянс ұлттық немесе халықаралық, масштабтық немесе локальдық сипатта болуы мүмкін, және қоғамдық маңызы бар жобаларды немесе бағдарламаларды жүзеге асыру үшін белгілі бір уақытқа құрылады [4].

Жоба құжат түрінде әртүрлі әдістермен рәсімделеді: мәміле, келісім-шарт немесе келісім: жұмыстарды орындауға, қоғамдық қызмет көрсетуге, басқару, мемлекет қажеттілігі үшін өнім жеткізу, техникалық көмек көрсету және т.б. жағдайларға жасалады; бұдан басқа жалға беру келісімі (дәстүрлі түрде немесе лизинг түрінде); концессиондық келісім; өнімді бөлу туралы келісім және т.б да бар.

Мемлекет пен жеке сектордың арасындағы барлық мәмілелерді мемлекеттік-жеке әріптестік деп санауға болмайды. Мемлекет тарапынан келісім-шарт, мәміле, келісім жасасу қоғамдық маңызы бола тұра, тұрақты түрде жүргізілсе де, мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік деп тануға болмайды. Ол үшін мемлекеттік-жеке кәсіпкерлікке тән салымдарды біріктіру, тәуекелді бөлісу, әріптестер арасында пайданы бөлісу сияқты белгілері болуы тиіс. Сонымен бірге, мемлекет әріптесіне басқа бизнес-әріптестерде жоқ ерекше жағдайлар жасауы тиіс [5].

Қорытындылай айтқанда, мемлекеттік-жеке әріптестік дегеніміз заманауи аралас экономика жағдайында инвестициялық саладағы мемлекеттік және бәсекелестік күштердің симбиозы деп түсініледі, және ол қоғамдық маңызды инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға негізделген әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған.

Жоғарыда мемлекет пен жеке сектордың арасындағы барлық келісім-шарттық қатынастар мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік болып саналмайтындығын атап өттік. Соған орай, мемлекеттік-жеке әріптестіктің ерекше белгілеріне мыналар жатады:

- 1) әріптестікке қатысушы жақтар мемлекеттік қана емес, экономиканың жеке секторына да таныстырылуы тиіс;
- 2) әріптес жақтардың қарым-қатынасы келісім-шарт арқылы рәсімделіп, жұмыс істейтін уақыт аралығы шектелуі тиіс;
- 3) әріптес жақтардың қызметі мемлекет белгілеген соңғы нәтижеге бағытталуы тиіс;
- 4) әріптестікке қатысушы жақтардың тәуекелді, жауапкершілікті және пайданы бөлісуі тең құқықты жағдайда болуы керек, сонымен бірге тәуекел қай жақ жақсы көтере алатын болса сол жаққа беріледі;
- 5) әріптес жақтар қоғамдық қызмет көрсету үшін бірігіуі қажет;

б) әріптес жақтар өз салымдары мен қызметін ортақ мақсатқа жету үшін біріктіреді.

Мемлекеттік-жеке кәсіпкерлік жобаларын жүзеге асыруда мемлекеттің міндеті әлеуметтік жауапты салалардың тиімділігін арттыру болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Дерябина М. Государственно-частное партнерство: теория и практика // <http://institutiones.com>
2. Государственно-частные партнерства. Обзор для Казахстана // USAID Макроэкономический проект
3. Якунин В.И. Партнерство в механизме государственного управления // Социологические исследования, №2, 2007
4. Абдукамалова Г.О. Концессия - разновидность инвестиционного проекта // Банки Казахстана, №2, 2011
5. Кусаинов М. Государственно-частное партнерство в Казахстане // КурсивЪ, декабрь 2012

## «НАРОД В ПОТОКЕ ИСТОРИИ»: О РОЛИ ИСТОРИЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ В ФОРМИРОВАНИИ КАЗАХСТАНСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Алимова С.Б., к.ф.н.,  
доцент кафедры политологии и социологии  
Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова  
г. Караганда, Республика Казахстан

Автор анализирует актуальную для современного Казахстана проблему – роль исторического наследия в формировании казахстанской идентичности. Назначение программы исторических исследований «Народ в потоке истории» - разработка объединяющего казахстанское общество концепта отечественной истории, формирование самобытного исторического самосознания и национального единства казахстанцев.

*Ключевые слова:* историческое наследие, историческая память, нация, народ, казахстанская идентичность.

Будущее народа невозможно без опоры на историческое прошлое. Между прошлым и будущим существует неразрывная связь. Эта связь актуализируется в настоящем. Очевидно, что на этапе состоявшегося государства необходимо осмыслить отечественную историю с позиций современной науки и создать ее целостную картину. В этом актуальном для Казахстана ракурсе Президент Н.А.Назарбаев говорит о «...национальной истории как источнике законной гордости и культурного самопонимания» [1, с.59]. В Казахстане по инициативе Президента Н.А.Назарбаева была разработана специальная программа исторических исследований «Народ в потоке истории». Инициация программы продиктована не краткосрочными политическими целями. Она, без сомнения, имеет глубинный смысл. Главными целями Программы являются создание условий для качественного скачка исторической науки Казахстана на базе современной методологии и методики исследования, расширение горизонтов национальной истории казахов, формирование нового исторического мировоззрения нации [2].

Историческое наследие приобретает особую, ярко выраженную актуальность для Казахстана потому, что в процессе становления новой государственности формируется новая концепция нации, самобытное национальное самосознание, национальная и государственная идентичность. А в процессе формирования национального самосознания фиксируется и закрепляется представление об уникальности собственного исторического опыта и оригинального культурного наследия. Это будет способствовать формированию у казахстанцев чувства органической и неразрывной связи своей гражданской политической судьбы с Отечеством – Республикой Казахстан. Одновременно происходит концептуализация будущего нации и национально-государственного устройства, осмысление той особой роли, которую нация призвана сыграть в мировом культурно-историческом и политическом процессах.

Но нация – это не просто население, сумма граждан государства. Национальностью можно считать ту консолидированную общность, которая объединена единой гражданской культурой, системой ценностных координат, наследием предшественников, чувством общей судьбы и перспективы, специфической психологией и самобытным характером. Эффективным ресурсом формирования и укрепления национальной идентичности, по нашему мнению, является актуализация в опыте повседневности огромного массива ценностей, который представлен тремя блоками.

Во-первых, ценностями, скрепленными исторической памятью о наиболее значимых событиях в жизни социума. Они представляют собой своеобразные «всплески» социальной энергии. Это